

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ХАТТАМА №7

Шымкент қаласы

26.09.2024 ж.

Күн тәртібінде:

1.Сыбайлас жемқорлық – қоғамдық дерт.

Қатысқандар:35

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша: №2 Оңалту орталығы комплаенс қызметінің міндетін атқарушы Абилдаева С.М. баяндама жасады:

Сыбайлас жемқорлық — елдің даму қарқынын тежейтін қоғамдық дерт. Оның кең тамыр жаюы — бүтін бір мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіріп, ел болашағына орасан зор зардабын тигізеді. Жемқорлықтың көріністерін атап айтар болсақ, қоғамдағы пара алу не ұрлау, қызметтік жағдайды асыра пайдалану проблемалары.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Шымкент қаласы бойынша департаментімен Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№2 қалалық аурухана» МКК автотұрағында дәріхана бөлімінің меңгерушісі Е.Т.Молдабеков пен «Өрлеу-Фарм» ЖШС-нің директоры К.А.Тұрапбаеваға қатысты алаяқтық және паракорлық деректері бойынша Қылмыстық Кодекстің 24-бабы 3-бөлігі, 367-бабының 2-бөлігімен, 28-бабының 4-бөлігі, 367-бабының 2-бөлігі, 190-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен қылмыстық істің тергеуі аяқталып, сотқа жолданған. Іс материалдарына сәйкес, 05 ақпан 2024 жылы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№2 қалалық аурухана» МКК-ң автотұрағында дәріхана бөлімінің меңгерушісі Е.Т.Молдабеков «United Medical Systems» ЖШС басшысы және Өрлеу Фарм ЖШС-ң директоры К.А.Турапбаевамен жолығып, мемлекеттік сатып алу шарты аясында ауруханаға жеткізілген жарамдылық мерзімі өткен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жойып, ЖШС-не ақша аударып беру үшін аурухананың бас дәрігері Б.Позиловка айтарлықтай мөлшерде пара беруге азғырып, қолма –қол 1 600 000 теңге ақшалай қаражаттарын алғаны құжаттандырылған.

Е.Т.Молдабеков алаяқтық жолмен және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға пара беруге азғыру арқылы иемденген К.А.Турапбаеваның 1 600 000 теңге ақша қаражатын өз қажетіне жаратқан. Тергеп тексеру барсында анықталғандай, аурухана мен «United Medical Systems» ЖШС» арасында 130 602 440 теңгеге дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу туралы №21/22-1 шарты түзілген. Осы шартқа сай, «Өрлеу-Фарм» ЖШС-нің директоры К.А.Тұрапбаевамен сатып алынуға жататын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар ауруханаға жеткізілген. 2023 жылдың қыркүйек-қазан айларында Ауруханаға жеткізілген тауардың ішінен құны 20 335 700 теңгеге медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарамдылық мерзімі 30 маусым 2023 жылы өтіп кеткен, ал 9 326 900 теңгеге медициналық мақсаттағы бұйымдарының жарамдылық мерзімі 31 қазан 2023 жылы өтіп кеткені анықталған. 11 қараша 2023 жылы ауруханамен жоғарыда айтылған жалпы құны 9 326 900 теңгеге медициналық мақсаттағы бұйымдары, 10 қаңтар 2024 жылы жалпы құны 20 335 700 теңгеге медициналық мақсаттағы бұйымдары жарамдылық мерзімінің өтуіне байланысты жойылған. Сонымен қатар медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті мамандарының 19.06.2024 жылғы қорытындысына сәйкес, жойылған медициналық бұйымдардың жалпы саны сатып алынған санынан 64 пайызын құрайды. Зертхананың 1-С бухгалтерия бағдарламасының есебіне сәйкес, 2022 жылдың жартыжылдығында «Техпластин-тест для исследования плазмы и венозной крови» медициналық бұйымның шығымы 37 қорбын құраған, демек бір жылдық шығымы шамамен 75 қорабын құрайды. Алайда ауруханамен медициналық бұйымның жылдық қажеттілік есебі 300 қорабын құраған, бұл сан 2,5 есе нақты қажеттілік санан жоғары. Бұл ретте зертхананың қажеттілік өтінімі аурухана басшылығымен тексерілмей, жоюға жіберіліп, бюджет қаражатын ысырып етуге ықпал еткен.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халыққа құқықтық түсіндіру жұмыстарының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Азаматтар өз құқығын - қандай да бір заңға қайшы әрекетті көрсе, оған қандай шара, жаза қолданатынын білгені жөн. Қоғам пара беруден, алудан түпкілікті бас тартса, елімізде бұл ұғым жойылушы еді. Қолында билігі бар лауазымды тұлғаны өз мүддесіне әрекет етуге көндіру мақсатында оған заңсыз сыйақы ұсынуды немесе өзгедей қызмет көрсетуді пара беру дейміз.

Пара беру де, оны алу да пайда әкелмейтінін, оның қылмыс екенін түсінетін қоғамдық сана қалыптасуы қажет.

Парақорлық – қоғамда адамгершілік пен сана-сезімнің кемуіне сеп беретін керітартпа кеселдің бірі. Бұл тек жекелеген адамдардың ісі емес, ол қоғам өміріндегі тыныштық пен қауіпсіздікті тұрақсыз, тұрлаусыз қылатын, қилы-қилы келеңсіздіктерге жол ашатын қауіпті қылмыс. Парақорлық, жемқорлық меңдеген қараңғы қоғамнан әділдікпен шындықты, ізгілік пен сүйіспеншілікті шам алып іздесең де таппайсың. Парақорлықтың кең етек жаюының себебі – адамгершілік, әділдік секілді рухани құндылықтардың қу дүниеден төмен бағалануында болса керек.

Әрбір ел азаматы қоғамдық кеселге қарсы тұруда азаматтық белсенділік танытуы аса маңызды. Соның ішінде, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қоғамның қалыпты құбылысы ретінде қарамай, тиісті органға шағымдану немесе Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 1424 сенім телефонына хабарлау қажеттігін назарда ұстаған жөн.

Параны тықпалап беруші болмаса, параны бұқпалап алушы да болмайтыны белгілі. Сондықтан, пара ұсыну мен пара беру арқылы мәселесін теңгемен шешіп кетуге әрекеттенудің соңы қылмысқа әкеліп соғатынын ескерген жөн. Бүгінгі күні пара берген азаматтарға да жауапкершілік қаралатынын әрбір ел азаматы терең ұғынуы тиіс.

Адамның күні адамға түсіп тұрғанда, тірлігін теңгемен шешуге тырысатындардың қатары азаймауда. Жемқорлықты жоюда — әрбір тұрғынның қосар үлесі мол.

Ең алдымен, пара ұсыну, пара беру деген теріс әрекетті түбегейлі тоқтатсақ, пара алуды үйреншікті құбылыс ретінде қарайтын азаматтардың да қатары азаяры анық. Жемқорлық жарға жығады, елдің даму қарқынын бәсеңдетеді. Сол үшін жұдырықтай жұмылып, «Әділетті Қазақтанға» қарай қадам басайық. Елдің ертеңгі болашағы — адал азаматтардың қолында.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағандары үшін ұстау туралы бейне роликтер көрсетумен жалғастырамыз.

Комплаенс қызметінің м.а:

Абилдаева С.М.